

"Сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамын құрудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 616 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының сыртқы саудасын көңейту және Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) мүшелілігінің экономикалық салдарына талдау жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - қоғам) құрылсын.

2. Мыналар қоғам қызметінің негізгі мәні болып белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға, Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Экономикалық ынтымақтастық және даму үйымымен ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылды шеңберінде талдамалық, консультациялық, ақпараттық, техникалық қолдау көрсету;

2) Қазақстан Республикасының сыртқы сауда саласындағы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

3) халықаралық сауда келіссөздеріне ұстанымдар мен халықаралық экономикалық келісімдердің жобаларын әзірлеу кезінде консультациялық қолдау көрсету және сыртқы нарықтарға қол жеткізуге және халықаралық сауда дауларын шешуге байланысты проблемаларды қарастыру;

4) Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ортақ сауда режимін құру және үшінші елдермен еркін сауда аймақтарын құру туралы келісімдер жасау жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу;

5) халықаралық сауданың қазіргі заманғы жүйесі және оны реттеу қагидаттары, сауда саясатының шаралары туралы ақпарат пен ілімдерді тарату, жеке үйымдар мен мемлекеттік мекемелердің негізгі персоналдарының кәсіби деңгейін арттыру;

6) сауда саласында зерттеулер жүргізу.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - КР Үкіметінің 2012.04.27 № 535; 30.10.2017 № 679 қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігіне қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруға 2006 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 51500000 (елу бір миллион бес жүз мың) теңге бөлсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігіне берсін;

Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігімен бірлесіп:

1) қоғамның жарғысын бекітуді және Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыдан туындастырылған өзге шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысадын мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қ." деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-76-жолмен толықтырылсын:

"21-76. "Сауда саясатын дамыту орталығы" АҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

көрсетілген қаулыға қосымшада "Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 237-20-жолмен толықтырылсын:

"237-20 "Сауда саясатын дамыту орталығы" АҚ";

3) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.**

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі